

تغلب على

وساوس الصلاة

اللغة القازاقية

Шейх
Хайсам
Сархан

Намаздағы
уәс-уәстарды
жеңу

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Намаздағы уәс-уәстарды жеңудің жолы

Мұсылман адамға намазда не одан тыс жиі келіп тиетін нәрселерден - кейбір жаман ойлар мен уәс-уәстар. Әрі осы сияқты нәрселер шайтаннан екеніне еш күмән жоқ. Өйткені ол мұсылмандарды адастыруға, оларды игіліктерден жүрдай етуге және алыстатуға өте ынталы.

Аллаһтың бізге деген мейірімінен пенде осы уәс-уәстар үшін, егер ол оларды айтпаса және соларға сәйкес амал жасамаса, сұралмайтыны.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай деген:

«Расында, Аллаһ менің үмметіме уәс-уәстар мен нәпсілері айтатын нәрселерін, егер олар осы туралы сөйлемесе немесе соларға сәйкес амал жасамаса, кешірді»¹.

Әрі шайтан адамға келіп Аллаһ Тағаланың, Оның Елшісінің қақысы немесе шариғаты туралы мұсылман адам жек көретін әрі разы болмайтын жағымсыз нәрселерді сыбырлауы мүмкін.

Ал оның осыдан қашуы және бұны жек көруі оның иманының дұрыстығына дәлел болады.

Бірде Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сахабалары одан: «Біз өз нәпсілерімізден әлдебіреуіміз ол туралы тіпті айтуды өте ауыр санайтын (жек көретін) нәрселерді табамыз», - деп сұраған болатын. Сонда Пайғамбарымыз: *«Сендер осыны (жек көрулерді) сезесіңдер ме?»* - деп сұрады әрі олар: «Иә», - деп жауап берді. Әрі ол (с.а.с.): *«Міне, осы анық иман»*, - деді².

Мумин адам осы уәс-уәстарды тойтаруға бұйырылған, ал егер ол осыған салғырт қарап, соларға ілесіп жөнелсе, онда осы салғырттығы үшін сұралатын болады.

Ал осы уәс-уәстардан келесі істер арқылы қорғануға болады:

Үнемі Құран оқу әрі шариғатта келген таңғы және кешкі зікірілерді айту.

Аллаһтың әмірлерін орындау және тыйым салған және қайтарған нәрселерінен тыйылу арқылы иманды күшейту.

Білім алумен ынталы түрде айналысу, өйткені шариғи білім иесі шайтан үшін жәй құлшылық етушіден күштірек.

¹ Бухари және Муслим.

² Муслим, 132

Уәс-уәстан қорғалудың тағы бір себебінен – آمَنَّا بِاللّٰهِ وَرَسَلِهِ «Мен Аллаһқа және Оның Елшілеріне иман келтірдім» (Әмәнту би-Лләһи уа русулиһ) сөздерін айту.

Өйткені Айша анамыз (р.ғ.) Аллаһ Елшісінің (с.а.с.) былай деген жеткізген: *«Расында, сендердің біреуіңе шайтан келіп: «Сенің кім жаратты?» - деп сұрайды. Ол: «Аллаһ», - деп жауап береді. Кейін ол: «Ал Аллаһты кім жаратты?» - деп сұрайды. Әрі егер сендердің біреуің осындайға жолықса, онда: «آمَنَّا بِاللّٰهِ وَرَسَلِهِ» «Мен Аллаһқа және Оның Елшілеріне иман келтірдім» (Әмәнту би-Лләһи уа русулиһ)» сөздерін оқысын, өйткені олар осыны кетіреді».*³

Ал егер уәс-уәстар намазда келіп жатса, онда адам Аллаһтан шайтанға қарсы пана тілеп: «Әуғузу би-Лләһи мин әш-шайтони-р-рожийм», - деп айтып, сол жағына қарай үш рет жай түкіруі керек.

Бірде бір кісі Пайғамбарға (с.а.с.) келіп: «Уа Аллаһтың Елшісі, шайтан мені мен Құран оқуымнан арасына кіріп, мені шатастырады», - деді. Сонда Аллаһтың Елшісі (с.а.с.) оған былай деді:

*«Бұл Хонзаб деп аталатын шайтан, егер оны сезсең, оның кесірінен Аллаһқа пана тілеп дұға ет те, сол жағына үш рет жәй түкір».*⁴

Әлгі кісі: «Мен осыны істедім әрі Аллаһ оны менен кетірді», - деп айтқан.

³ Ахмад, 26203, шейх әл-Әлбани хадисті сенімді деген

⁴ Муслим, 2203